

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 205 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 863 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері және Мемлекеттік астық ресурстарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесі мен Мемлекеттік астық ресурстарының орнын ауыстыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 205 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 9, 103-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

"500000 (бес жүз мың) тоннаға дейінгі" деген сөздер "405722 (төрт жүз бес мың жеті жүз жиырма екі) тоннаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшаның екінші, үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда, 13230 (он үш мың екі жүз отыз) теңгеден кем емес баға бойынша 2851065000 (екі миллиард сегіз жүз елу бір миллион алпыс бес мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 215500 (екі жүз он бес мың бес жүз) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік жұмсақ бидай астығын; бұл ретте есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 10520 (он мың бес жүз жиырма) теңге есебімен 2267060000 (екі миллиард екі жүз алпыс жеті миллион алпыс мың) теңге сомасына 2003 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімге кейіннен астықты жеткізіп беру фактісі бойынша есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 2710 теңге есебімен 584005000 (бес жүз сексен төрт миллион бес мың) теңге сомасына;

есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда, 16905 (он алты мың тоғыз жүз бес) теңгеден кем емес баға бойынша 507150000 (бес жүз жеті миллион бір жүз елу мың) теңге сомасында және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 30000 (отыз мың) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік қатты бидай астығын; бұл ретте есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 16100 (он алты мың бір жүз) теңге есебімен 483000000 (төрт жүз сексен үш миллион) теңге сомасына 2003 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімде кейіннен астықты жеткізіп беру фактісі бойынша есепке алынған

табиғи салмағының бір тоннасы үшін 805 теңге есебімен 24150000 (жиырма төрт миллион жүз елу мың) теңге сомасына";
2) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзацтағы "10520 (он мың бес жүз жиырма) теңгеден кем емес баға бойынша 2656300000 (екі миллиард алты жүз елу алты миллион үш жүз мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 252500 (екі жүз елу екі мың бес жүз) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік жұмсақ бидай астығы" деген сөздер "13230 (он үш мың екі жүз отыз) теңгеден кем емес баға бойынша 2106505000 (екі миллиард бір жүз алты миллион бес жүз бес мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 159222 (жүз елу тоғыз мың екі жүз жиырма екі) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік жұмсақ бидай астығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "46820 (қырық алты мың сегіз жүз жиырма) теңгеден кем емес баға бойынша 93640000 (тоқсан үш миллион алты жүз қырық мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 2000 (екі мың) тоннаға дейінгі көлемдегі қытай бұршағы" деген сөздер "35280 (отыз бес мың екі жүз сексен) теңгеден кем емес баға бойынша 35280000 (отыз бес миллион екі жүз сексен мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 1000 (бір мың) тоннаға дейінгі көлемдегі қытай бұршағы" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы астық сатып алу шарттары бойынша астықты жеткізбеген немесе толық жеткізбеген жағдайда қосымша төлем үшін пайдаланылмаған, сондай-ақ жеткізілмеген астықтың берешегін өтеу тәртібімен түскен ақша қаражаты астықты тікелей сатып алуға пайдаланылады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік астық ресурстарына 2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу ережесінде:

9-тармақтың 1) тармақшасындағы "760", "24,0", "12,5" және "1,0" деген сандар тиісінше "750", "23,0", "12,0" және "2,0" деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Агент қосымша төлемді жүзеге асыру үшін сатушылармен агент бекіткен нысан бойынша қосымша келісімдер жасайды."

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК